



**С.Ж. Асфендияров атындағы  
Қазақ Ұлттық Медицина Университеті**


# **Жақ-бет аймағының абсцесі және флегмонасы.**

**ОРЫНДАҒАН: БӨРІХАН Е.А**


**ҚАБЫЛДАҒАН: АЙТБАЕВ Ж.Ж**

# Жоспары:

- 1.Этиологиясы, патогенезі.
- 2.Клиникалық көрінісі.
- 3.Диагностикасы.
- 4.Емдеу принциптері.



**Абсцесс** ( *abscessus* - шектелген іріңді ошақ немесе іріңдік ) - тері немесе шырышты қабық астының, бұлшықет және шандыр табақшалары аралықтарының шел тіндерінің ыдырауынан туындайтын іріңді қабыну.



**Флегмона** (грек сөзінен – *phlegmona*, қабыну) - тері немесе шырышты қабық астының, бұлшықет және шандыр табақшалары аралықтарының шел кеңістіктерінде өтетін жедел жайылмалы іріңді қабынуы.

Бет және мойын аймақтарының абсцтері мен  
флегмоналарын қоздыратын микробтар:

стафилококктар

стрептококктар

диплококктар

Грам + таяқшалар

Грам - таяқшалар

пневмококктар

# Бет – жақсүйек аймағы флегмоналарына тән жергілікті клиникалық белгілері:

- Төменгі жақсүйектің қозғалысы шектелуі, кейде толық қарысуы (тризм);
- Шайнау және жұтыну қызметтерінің бұзылуы, ауырсыну сезімін тудыруы; мұндай бұзылыстар әсіресе қанат – жақсүйек кеңістігінің және меншікті шайнау бұлшықеті астының флегмоналарында жиі байқалады;
- Сөйлеу және тыныс алу бұзылыстары;
- Сілекейдің бөлінуі бұзылуы: сілкейі қоюланып, түкіру қиындық тудыруы.

Қабыну процестерінің шоғырлану орындары	Қызметтерінің бұзылыстары						Қабыну процестерінің сыртқы Көріністері				
	Тыпты алу	Жұтыну	Ауыз ашылуы	Ауыздың жабылуы	Кору	Сойлеу	Беттің асимметриясы	Төменгі жақсүйек астының 2 жағы бірдей ісінуі	Көмейдің асимметриясы	Тілдің ұлғайуы	Тілдің жоғарға ығысуы
<b>Терен</b>											
1. Ауыз қуысының түбі	+	+		+		+		+			+
2. Жұтқыншақ маны кеңістігі	+	+				+		+			
3. Тіл	+	+		+		+				+	
4. Қанат-жақсүйек кеңістігі		+	+					+			
5. Төменгі жақсүйек асты кеңістігі		+					+				
6. Меншікті шайнау бұлшықеті астының кеңістігі			+				+				
7. Самайасты шұңқыры			+								
8. Самай аймағы (терен)			+				+				
9. Көзұя							+				





# Жақ - бет және мойын аймақтарының мен абсцестерінің топографиялық анатомиялық жіктелуі

## I. Жоғарғы жақ сүйегі маңында орналасатын абсцестер мен флегмоналар.

- ▶ 1. Көзұясты аймағы.
- ▶ 2. Көз ұясы аймағы.
- ▶ 3. Самай аймағы.
- ▶ 4. Самайасты қанатша-таңдай шұңқыры.
- ▶ 5. Қатты және жұмсақ таңдай.

## II. Төменгі жақ сүйегі маңында орналасатын абсцестер мен флегмоналар.

- ▶ 1. Иекасты аймағы.
- ▶ 2. Ұрт аймағы.
- ▶ 3. Жақасты үшбұрыштығы.
- ▶ 4. Жақ-қанатша кеңістігі.
- ▶ 5. Жұтқыншақ маңы кеңістігі.
- ▶ 6. Меншікті шайнау бұлшықеті астының кеңістігі.
- ▶ 7. Меншікті шайнау еті-құлақмаңы аймағы және жақарты шұңқыры

### **III. Ауыз қуысы түбі абсцестері мен флегмоналары.**

- ▶ 1. Ауыз қуысы түбінің жоғарғы бөлімінің абсцестері мен флегмоналары (аша сүйек-жақ-тіласты бұлшықетінен жоғары)
- ▶ 2. Жақ сүйек-тіл абсцесі.
- ▶ 3. Ауыз қуысының төменгі бөлімінің абсцестері мен флегмоналары (аша сүйек-жақ-тіласты бұлшықетінен төмен).

### **IV. Тілдің абсцестері мен флегмоналары:**

- ▶ 1. Меншікті тіл абсцесі.
- ▶ 2. Тіл түбірі флегмонасы.

# Көзұяасты аймағының абсцесі мен флегмонасы.

- ▶ *Аймақтың шекаралары:*
- ▶ *жоғарғы* - көзұяасының төменгі қыры (*margo infraorbitalis*);
- ▶ *төменгі* - жоғарғы жақсүйектің альвеолалық өсіндісі (*processus alveolaris maxillae*);
- ▶ *ішкі* - мұрынның бүйір беті немесе алмұрт тәрізді тесік (*apertura piriformis*);
- ▶ *сыртқы* - жоғарғы жақсүйек пен бетсүйек жігі (*sutura zygomatico-maxillaris*).

# Көзұяасты аймағының абсцесі мен флегмонасы.

Инфекцияның негізі көздері және ену жолдары.

- ❖ Жоғарғы 5,4,3,2,1 1,2,3,4,5 тістердің одонтогенді инфекциялық ошақтарынан енуі.
- ❖ Іріңді инфекция көршілес (ұрт, мұрынның бүйір беті) аймақтарынан енуі.

# Көзұяасты аймағының абсцесі мен флегмонасының клиникалық белгілері:


- ▶ Көзұяасты аймағының солқылдап ауруы;
- ▶ Беттің симметриясының бұзылуы;
- ▶ Мұрынерін қатпарының тегістелуі;
- ▶ Инфилтрат үстінің терісінің қызаруы, керілуі;
- ▶ Инфекциялық процесін тудырушы тістің айналасындағы тіндердің ісінуі;
- ▶ Пальпацияда ауырсыну сезімінің болуы;
- ▶ Көруінің нашарлауы;



**Көзүясты аймағының  
флегмонасы**

# Көзұясының абсцесі мен флегмонасы.

Көзұясының кіреберісі аралық көзұя қабырғасы (*septum orbitale*) деп аталатын тығыз шандырмен астарланған. Шандыр табақша көзұясының кіреберісін шектейтін сүйекқабына және қабақтың шемір-шектеріне бекиді. Аралық көзұя қабырғасы көзұясын екіге бөледі: беткей немесе қабақ аймағы (*region palpebralis*) және терең немесе көзұясының меншікті аймағы (*region orbitalis*).





# Көзұясының абсцесі мен флегмонасы.

## ▶ Инфекцияның негізгі көздері және ену жолдары:

- ▶ 5,4,3 I 3,4,5 тістердің одонтогенді инфекциялық ошақтары, беттің бұрышты көктамырының тромбофлебиті;
- ▶ Екіншілік инфекция ретінде жоғарғы жақсүйек қойнауынан, тор сүйегінен, самайасты және қанаттаңдай шұңқырларынан, көзұя-асты аймағынан, қабақтан енуі;

# Көзүясының абсцесі мен флегмонасының клиникалық белгілері:


- ▶ Көз алмасы алға ығысады (экзофтальм);
- ▶ Басы ауырып, мазасы кетеді, ұйқысы бұзылады;
- ▶ Көз алмасының қозғалысы шектеледі;
- ▶ Қабақтың айналасындағы тіндер ісінеді;
- ▶ Көз саңылауы жабылады
- ▶ Көздің көруі нашарлайды;



Көзұясының  
абсцесін анықтауға  
қолданылатын әдіс.  
Екі қолдың үлкен  
саусақтарымен көз  
алмасын басқанда,  
ауырсыну сезімі  
үдей түседі

# Самай аймағының абсцесі мен флегмонасы.

- ▶ *Аймақтың шекаралары: төменгі* - бетсүйек доғасы (*arcus zygomaticus*) және самай сүйектің самайасты қыраты (*crista infratemporalis*);
- ▶ *жо-ғарғы, алдыңғы және артқы* – самай бұлшықеті бекитін самай сүйегінің үстіңгі сызығы (*lin. temporalis superior*);
- ▶ *ішкі* - самай және төбе сүйектерінен құралған сүйектік табақша.



Самай аймағы қабатта-рының құрылысы.

1 - самай сүйегі; 2 - самай бұлшықеті алдының және артының майшел тіндері; 3 - самай бұлшықеті; 4 - төменгі жақсүйектің тәж тәрізді өсіндісі; 5 - меншікті шайнау бұлшықеті; 6 - бетсүйек доғасы; 7 - шандыр аралық майшел тіні; 8 - меншікті шандыр; 9 - беткей шандыры; 10 - тері;

# Самай аймағының абсцесі мен флегмонасы.


## ▶ Инфекцияның негізгі көздері және ену жолдары:

- ▶ Терінің жедел іріңді қабыну аурулары(фолликулит, сыздауық, шиқан).
- ▶ Инфекцияланған жаралар, самай аймағының қан ұйығы (гематомасы).
- ▶ Көршілес аймақтарының флегмоналары (самайасты, қанат-жақсүйек, маңдай, ұрт, бетсүйек, құлақ маңы-шайнау).

# Самай аймағының абсцесі мен флегмонасының клиникалық белгілері.

- Дене қызуы  $38,5^{\circ}\text{C}$  -  $39,5^{\circ}\text{C}$  дейін көтеріледі;
- Самай аймағының жұмсақ тіндері ісінеді;
- Инфильтрат үстінің терісі қызарады;
- Инфильтратты пальпациялағанда ауырсыну сезімі үдей түседі;
- Беттің симметриясы бұзылады;
- Жоғарғы және төменгі қабақтары ісініп, көз саңылауы жартылай жабылады;
  - Ауыздың ашылуы шектеледі;

**Сол жақ самай аймағының  
флегмонасы.**



# Самайасты аймағының (шұңқырының) абсцесі мен

- ▶ Самайасты шұңқырының шекара-лары :
- ▶ **жоғарғы** - самайасты қыратының (*crista infra-temporalis*) астында жатқан сына сүйектің самайлық жағы бетінің төменгі бөлімі (*facies temporalis ossis sphenoidalis*);
- ▶ **алдыңғы** - жоғарғы жақсүйектің төмпешігі (*tuber maxilla*) және бетсүйектің самайлық беті (*facies temporalis ossis zygomaticum*); **ішкі** - қанат тәрізді өсіндінің латеральды табақшасы (*lamina lateralis ossis sphenoidalis*);
- ▶ **сыртқы** - төменгі жақсүйек бұтағының (*ramus mandibulae*) ішкі беті және самай бұлшықетінің сіңірі;
- ▶ **артқы** - самай сүйектің біз тәрізді өсіндісі (*processus styloideus*) және соған бекитін бұлшықеттер (*mm stylohyoideus, styloglossus, stylopharyngeus* - Риолонов шоғыры);
- ▶ **төменнен** - самайасты шұңқыры ұрт-жұтқыншақ шанды-рының жұқа табақшасымен (*fascia buccopharyngea*) тұйықталады, **артынан** -



# Самайасты аймағының (шұңқырының) абсцесі мен флегмонасы.

## Инфекцияның негізгі көзі және ену жолдары:

Жоғарғы 7,8 I 8,7 үлкен азу тіс-терінің одонтогенді инфекциялық ошақтары;

Жоғарғы жақсүйек төмпешігіне жасалатын өткізгіштік анестезия (туберальды анестезия) кезінде инфекцияның енуінен;

Қанат-жақсүйек кеңістігінен, самай, ұрт және құлақ маңы-шайнау аймақтарынан тарайтын екіншілік іріңді қабыну процесі.

# Самайасты шұңқырының абсцесі мен флегмонасының клиникалық белгілері.

Басының ауруы, ауырсыну сезімі самай аймағына, көзге, жоғарғы жақсүйектің тістеріне тарауы;

Дене қызуы 38°C дейін көтерілуі;

Науқастың жұтынуы және тыныс алуының қиындауы;

Құлақ маңы-шайнау, ұрт және самай аймақтарының жұмсақ тіндері ісінуінен беттің симметриясының бұзылуы;

Үлкен азу тістері денгейінің және жоғарғы жақсүйек төмпешігінің артқы бөлімінің өтпелі қатпарының ісінуі, шырышты қабығының қызаруы;

Ауыздың ашылуының шектеулі.



Самайасты шұңқырының шекаралары (А) және инфекциялық процестің тарау жолдары (Ә)

А: 1 – сына сүйектің үлкен қанаты, *ala major ossis sphenoidalis*; 2 – самай қыраты, *crista intratemporalis*; 3 – канат тәрізді сүйектің латеральды өсіндісі, *lamina lateralis processus pterygoidea*; 4 – жоғарғы жақсүйек-тің төмпешігі, *tuber maxillae*; 5 – бет сүйегі, *os zygomaticum*; Ә: 1 - самай аймағының шел кеңістіктері (*regio temporalis*); 2 - құлақ маңы шайнау кеңістігі (*regio parotidomasseterica*); 3 - канат-жақсүйек кеңістігі (*spatium pterigomandibulare*); 4 - сына сүйегі (*os sphenoidalis*); 5 - бас миының қабықшалары (*meningeus*) және бас миы.

# Қатты таңдайдың абсцесі.

## ▶ Инфекцияның негізгі көздері және ену жолдары:

- ▶ Жоғарғы жақсүйек тістерінің одонтогенді инфекциялық ошақтары.
- ▶ Қатты таңдайдың шырышты қабығының инфекциялық қабынулары және инфекцияланған жаралары.

# Қатты таңдай абсцесінің клиникалық белгілері.

- ▶ Тағам қабылдағанда және сөйлегенде таңдайдың солқылдап ауруы;
- ▶ Қатты таңдайдан көтеріліп тұратын, шекараларында айқын емес іріңді инфильтраттың болуы;
- ▶ Айналасындағы тіндердің ісінуі;
- ▶ Қабыну ошағы үстінің шырышты қабығының қызаруы;
- ▶ Пальпацияда ауырсыну сезімінің болуы;


# Жұмсақ таңдайдың абсцесі.

## ▶ Инфекцияның негізгі көздері:

- ▶ Жұмсақ таңдайдың инфекциялық қабыну аурулары;
- ▶ инфекцияланған жаралар;
- ▶ қан ұйығы (жергілікті анестезиядан кейінгі);
- ▶ тонзилит;
- ▶ перикоронарит.


## Жұмсақ таңдай абсцесінің клиникалық белгілері.

- ▶ Тамағының ауруы;
- ▶ Жұтынғанда және сөйлегенде ауырсыну сезімінің үдей түсуі;
- ▶ Жұмсақ таңдайдың тілшігі сау жағына қарай ығысуы;
- ▶ Ірінді қабыну процесі жағының тіндерінің ісінуі, ұлғаюы;
- ▶ Шырышты қабығының қызаруы;
- ▶ Пальпацияда ауырсыну сезімінің болуы;



Шырышты қабығы алынғаннан кейінгі қатты және жұмсақ таңдайдың құрылымы.

1 - таңдай бездері; 2 – таңдай жұт-қыншақ бұлшықеті; 3 - таңдай-тіл бұлшықеті; 4 - тілшік бұлшықеті; 5 – бадамша; 6 - жұмсақ таңдайды көтеретін бұлшықет; 7 - таңдай артериясы



. Жұмсақ таңдайдың бұл-шықеттері (М.Г. Привис және т.б.) 1 – таңдай-тіл бұлшықеті, *m. platoglossus*; 2 - тағдай-жұтқыншақ бұлшықеті, *m. platohparingeus*; 3 - тілшік бұлшықеті, *m. uvule*; 4 - жұмсақ таңдайды иартатын бұлшықет, *m. tensor veli palatini*; 5 - жұмсақ таңдайды көтеретін бұлшықет, *m. levator veli palatini*;



# Иек аймағының абсцесі мен флегмонасы

- ▶ *Аймақтың шекаралары: үстіңгі* - иек-ерін қатпары, *астынғы* - төменгі жақсүйектің астыңғы қыры, *жандарынан* - езуден төмен жүргізілген тік сызық.

# Иек аймағының абсцесі мен флегмонасы.

## ▶ Инфекцияның негізгі көздері мен ену жолдары:

- ▶ Төменгі 3,2,1 I 1,2,3 тістерінің одонтогенді инфекциялық ошақтары;
- ▶ Терінің іріңді қабыну аурулары (фолликулит, шиқан көршиқан);
- ▶ Инфекцияланған жарақаттар;
- ▶ Қан ұйығыны іріңдеуі;
- ▶ Басқа аймақтардан енген екіншілік іріңді қабыну аурулары (төменгі ерін, иекасты аймақтары).

# Иек аймағы абсцесі мен флегмонасының клиникалық белгілері.

- ▶ Иегінің солқылдауы;
- ▶ Дене қызуының көтерілуі;
- ▶ Иек аймағы тіндерінің ісінуі;
- ▶ Терісінің қызаруы;
- ▶ Қатпарға жиналмауы;
- ▶ Пальпациялағанда тығыз инфильтраттың анықталуы;

## Иекасты аймағының (*regio submentalis*) абсцесі мен флегмонасы.

- ▶ *Иекасты аймағының шекаралары:*
- ▶ *алдыңғы* – төменгі жақсүйектің денесі;
- ▶ *артқы* – тіласты сүйегі (*os hyoideus*);
- ▶ *жоғарғы* – жақсүйек-тіласты бұлшықеті (*m. thylohyoideus*) және мойынның меншікті шандыры (*fascia colli propria*);
- ▶ *төменгі* – мойынның беткей шандыры (*fascia colli superficialis*);
- ▶ *екі бүйірінен* – екі қосқарыншалы бұлшықеттің (*m. digastricus*) алдыңғы қарыншалары

# Инфекцияның негізгі көзі және ену жолдары.

- ▶ Төменгі алдыңғы тіс түбірлері аймақтарында шоғырланған одонтогенді инфекциялық ошақтары.
- ▶ Төменгі жақсүйекасты және тіласты аймақтарынан тарайтын (тіндерді бойлай немесе лимфогенді жолмен) екіншілік инфекция.

# Иекасты аймағының абсцесі мен флегмонасының клиникалық белгілері.

- ▶ Иек астының жұмсақ тіндері домбығып ісінуінен, беттің төменгі  $\frac{1}{3}$  бөлігі ұзарғандай болып көрінуі;
- ▶ Инфильтрат үстінің терісі ісініп керіліп тұруы, қатпарға жиналмауы, қызаруы;
- ▶ Пальпацияда ауырсыну сезімінің болуы;
- ▶ Тіндердің ісінуінен науқастың тілі жоғары көтеріліп, сөйлеуіне, тамақ қабылдауына кедергі келтіруі;



# Ұрт аймағының абсцестері мен флегмонасы.

- ▶ Ұрт аймағының шекарасы:
- ▶ *жоғарғы* - бетсүйектің төменгі қыры;
- ▶ *төменгі* - төменгі жақсүйек денесінің астыңғы қыры;
- ▶ *алдыңғы* - бет-самай сүйектерінің жігі мен ауыздың бұрышын байланыстыратын деңгейі немесе ауыздың дөңгелек бұлшықеті (*m. orbicularis oris*);
- ▶ *артқы* - меншікті шайнау бұлшықеттің (*m. masseter*) алдыңғы шеті.



# Ұрт аймағының абсцестері мен флегмонасы

## ▶ **Инфекцияның негізгі көзі және ену жолдары:**


- ▶ Жоғарғы және төменгі кіші және үлкен азу тістері аймақтарының одонтогенді инфекциялық ошақтары;
- ▶ ұрттың терісі мен шырышты қабығының инфекцияланған жараларының қабынуы;
- ▶ Ұрт аймағы терісінің немесе шырышты қабығының бүтіндігінің бұзылуы (тіс сауыты-ның өткір қырларымен немесе ортопедиялық аспаптармен жарақат-тануы, тамақ ішкенде ұртты тістеп, жарақаттау)

Ұрт аймағының терең бөлімінің шел тіндерінде (ұрттың кілегей қабығы мен ұрт бұлшықеті аралығы) өтетін жайылмалы іріңді қабыну процесінің жергілікті

- ▶ Беттің симметриясы бұзылады;
- ▶ Инфилтрат үстінің терісі қызарады, жылтырап тұрады;
- ▶ Қатпарға жиналмайды;
- ▶ Жұмсақ тіндердің ісінуінен көз саңылауы жартылай немесе толық жабылады;
- ▶ Мұрын-ерін қатпары тегістеледі;
- ▶ Шайнау қызметі бұзылады;
- ▶ Ұрт аймағының шырышты қабығы қызарып, ісінеді;

Ұрт аймағының беткей шел тіндерінің (тері және ұрт бұлшықеті аралығы) шектелген іріңді қабыну процесінің жергілікті клиникалық белгілері.



- ▶ Ұрт аймағының ауыруына, аузын ашқанда және тағам шайнағанда ауырсыну сезімінің үдей түсуі;
- ▶ Қабыну инфильтратының ұрт аймағындағы тіндерінің ісінуі;
- ▶ Беттің симметриясының бұзылуы;
- ▶ Инфильтрат үстінің терісі қызарып, қатпарға жинақталмауы;
- ▶ Пальпациялағанда тығыз инфильтраттың анық-талуы;



Ұрт аймағында іріңді қабыну процесінің шоғырлану орын-дары: 1 - беткей шел кеңістігінде (*m. buccinator* үстінде); 2 - терең шел кеңістігінде (*m. buccinator* астында); 3 - *m. buccinator*

# Жұтқыншақ маңы кеңістігінің абсцесі мен флегмонасы.

- ▶ *Меншікті жұтқыншақ маңы кеңістігінің шекарасы :*
- ▶ *ішкі* - жұтқыншақтың қабырғасы мен оны жабатын шандыр табақша және жұмсақ таңдайды керіп тұратын бұлшықеттер (*m.m tensor et levator veli palatine*);
- ▶ *төменгі* - жұтқыншақ маңы кеңістігін бадамшадан бөліп тұратын бұлшықет (*m. constrictor superior*);
- ▶ *сыртқы* - құлақ маңы сілекей безі қабының терең табақшасы және ішкі (медиальды) қанат тәрізді бұлшықеті (*m. pterigoideus medialis*) мен оны жабатын шандыр табақша, қанат тәрізді бұлшықеттер аралығының апоневрозы;
- ▶ *алдыңғы* - қанат тәрізді бұлшықеттері аралығынан өтетін шандыр;  
*артқы* - жұтқыншақ-омыртқа алдының апоневрозы мен біз тәрізді өсіндіге бекитін бұлшықеттер (*mm. stylohyoideus, styloglossus, stylop-haryngeus*)



1 – жұтқыншақ маңы кеңістігі, *spatum parapharyngeum*; 2 – жұтқыншақарты кеңістігі, *spatum retropharyngeum*; 3 – жұтқыншақ, *pharyngx*; 4 – канат тәрізді бұлшықет, *m. pterygoideus*; 5 – төменгі жақсүйектің бұтағы, *ramus mandibulae*; 6 – тандай бадамшасы, *tonsilla palatina*; 7 – жұтқыншақ бадамшасы, *tonsilla haringealis*; 8 – ішкі ұйқы артерия, *a. corotis interna*; 9 – ішкі мойындырық көктамыры, *v. jugularis interna*; 10 – тіласты аймағы, *regio sublingualis*; 11 – жақсүйек аймағы, *regio submandibularis*; 13 – канат-жақсүйек кеңістігі, *spatum pterigomandibulare*.

# Жұтқыншақ маңы абсцесі мен флегмонаның жергілікті клиникалық белгілері.

- ▶ Жұтынғанда ауырсыну сезімі;
- ▶ Лимфа түйіндерінің ісінуі;
- ▶ Дене қызуы 38 - 39°C дейін көтерілуі;
- ▶ Тыныс алуының қиындауы;
- ▶ Дауысының қарылуы;
- ▶ Сөйлеуінің бұзылуы;
- ▶ **Сырттай қарап тексергенде:**
- ▶ Төменгі жақсүйекарты бөлімінің жұмсақ тіндерінің ісінуі;

▶ Ауыздың ашылуы шектеуді

# Меншікті шайнау бұлшықеті асты кеңістігінің абсцесі мен флегмонасы.

- ▶ Меншікті шайнау бұлшықеті астының (массетерасты) кеңістігі төменгі жақсүйек бұтағының сыртқы беті мен меншікті шайнау бұлшықеті және шандыр табақшасы аралығын қамтиды. Кеңістіктің артқы жағы үшінші үлкен азу тіс артының (үлкен азу тіс арты аймағы, ретромолярлық кеңістік немесе ретромолярлық үшбұрыш деп те аталады) шырышты қабығымен шектеледі



# Меншікті шайнау бұлшықетіасты кеңістігінің абсцесі мен флегма

Инфекцияның негізгі көзі және ену жолдары.


Төменгі үлкен азу тістерінің, солардың ішінде үшінші үлкен азу тістің одонтогенді инфекциялық ошақтары;

Ұрт, самайасты аймақтарының, құлақ маңы сілекей безінің қабыну ауруларынан туындаған екіншілік қабыну аурулары;

## Меншікті шайнау бұлшықетасты кеңістігінің абсцесі мен флегмонасынның жергілікті

Клиникалық белгілері

- ▶ Құлақ маңы-шайнау аймағының сыздап немесе солқылдап ауруы;
- ▶ Ауызының мүлдем ашылмауы;
- ▶ Тағам шайнауының бұзылуы;
- ▶ Меншікті шайнау бұлшықетінің және айналасындағы жұмсақ тіндерінің ісінуі;
- ▶ Бет симметриясының бұзылуы;
- ▶ Меншікті шайнау бұлшықетін және ауыз қуысының кіреберісін пальпациялағанда ауырсыну сезімінің үдей түсуі;



Меншікті шайнау бұлшықетасты шөл кеңістігінен ірінді процесінің таралу жолдары:

А – аймақтың жазықтық бағыттағы көрнісі; Ә - аймақтың алдынан қарағандағы (фронтальды) көрнісі

# Жақсүйек-тіл абсцесі.

- ▶ Жақсүйек - тіл науаның шекарасы:
- ▶ *жоғарғы* - ауыз қуысы түбінің шырышты қабығы;
- ▶ *артқы* - жақсүйек-тіласты бұлшықетінің (*m. tylohy-oideus*) артқы бөлімі;
- ▶ *сыртқы* - төменгі жақсүйек денесінің ішкі беті; *ішкі* - тілдің бүйір беті; *артқы* - алдыңғы таңдай доғашығы (*plica platoglossus*);
- ▶ *алдыңғы* шекарасы жоқ, себебі жақсүйек-тіл науаның шел тіндері тіласты кеңістігіне жалғасады

# Инфекцияның көзі және ену жолдары.

Төменгі жақсүйек тістерінің одонтогенді инфекциялық ошақтары (үшінші үлкен азу тістің кедергіленіп шығуының асқынуы - перикоронарит),

Ауыз қуысының шырышты қабығының қабыну аурулары, инфекцияланған жаралары.

# Жаксүйек-тіл абсцесінің клиникалық белгілері.

- ▶ Тіластының ауырсынуы, сөйлегенде, тағам шайнағанда, жұтынғанда, аузын ашқанда ауырсыну сезімінің үдей түсуі;
- ▶ Тілдің сау жағына қарай ығысуы;
- ▶ Инфилтрат үстінің шырышты қабығының қызаруы, басқанда ауырсыну сезімінің туындауы;
- ▶ Ауыз ашылуының шектелуі.



# Тіл абсцесі мен флегмонасы.

Инфекцияның негізгі көзі және ену жолдары.



	<p>Тілдің инфекцияланған жаралары, тіл бадамшасынан (<i>tonsilla lingualis</i>) тарайтын инфекция.</p>



# Тіл абсцесі мен флегмонасының клиникалық белгілері.

- ▶ Сөйлегенде, тағам қабылдағанда, жұтынғанда ауырсыну сезімінің үдей түсуі;
- ▶ Бір жақ бөлімінің тіндері ісініп, «сау» жағына қарай ығысуы;
- ▶ Төменгі - бөлімінің шырышты қабығының көкшіл түстенуі, ісінуі;
- ▶ Беті лас сұр түсті өңезбен жабылуы;
- ▶ Ауыздан жағымсыз иістің шығуы;
- ▶ Тілдің денесін пальпациялағанда шекарасы айқын, басқанда ауырсыну сезімін тудыратын тығыз инфильтраттың анықталуы.

# Тіл түбірінің абсцесі мен флегмонасы.

- ▶ Инфекцияның негізгі көзі және ену жолдары.
- ▶ Тіл түбірінің инфекцияланған жара-қаттары, тіл бадамшасының (*tonsilla lingualis*) қабыну аурулары.

# Тіл түбірінің абсцесі мен флегмонасының клиникалық

- ▶ Сөйлегенде, жұтынғанда «тамағының» ауыруы;
- ▶ Тынысының тарылуы;
- ▶ Аузынан сілекейдің ағуы, сөзінің түсініксіз болуы;
- ▶ Іріңді қабыну процесінен тілдің ұлғайуы;
- ▶ Ауыз қуысына сыймауы;
- ▶ Қозғалысының шектелуі;
- ▶ Аузының үнемі ашық болуы;
- ▶ Ауыз қуысының шырышты қабығының ісінуі, көкшіл түстеніп, лас-қоңырқай фибринозды өңезбен жабылуы;
- ▶ Науқастың аузынан жағымсыз иістің шығуы;
- ▶ Тілді басқанда ауырсыну сезімінің үдей түсуі.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**